



ЖОҒАРЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ  
ҚАТЫНАСТАР

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
КОЛЛЕДЖІ

«Бекітемін»  
Колледж директоры  
С.Сарекенова  
« 6 » 2021 ж.

### СТУДЕНТТЕР КЕҢЕСІНІҢ ЕРЕЖЕСІ

Енгізу күні: « 6 » 09 2021 ж.

Атырау, 2021

	Лауазымы	А.Т.Ж.	Қолы	Күні
Жасақтаған:	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	А.Тугельбаева		
Келісілді:	Колледж директоры	С.Сарекенова		

# СТУДЕНТТЕР КЕҢЕСІНІҢ ЕРЕЖЕСІ

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

**1.1** Жоғары инновациялық халықаралық қатынастар колледжінің студенттік кеңесі мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру аясында құрылды.

Мемлекеттік жастар саясаты жастардың рухани, мәдени, білім беру, кәсіби қалыптасуы мен дене бітімінің дамуы үшін әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, ұйымдастырушылық жағдайлар мен кепілдіктер жасау, оның шығармашылық әлеуетін бүкіл қоғам мүддесінде ашу мақсатында жүзеге асырылады.

**1.2** Студенттік кеңестің мүшесі болу құқығы студенттерге өздерін үлкендерге тең тұлға ретінде сезінуге мүмкіндік береді.

## 2. СТУДЕНТТІК КЕҢЕСТІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

### 2.1 Студенттік кеңес жұмысының мақсаты:

Студенттік өзін-өзі басқаруды және педагогтармен бірлесіп басқаруды, колледжде болып жатқан оқиғалар үшін студенттердің жауапкершілігін, студенттік ұжымның тіршілік әрекетін жетілдіруде бастамалар мен шығармашылық танытуды ынталандыру.

### 2.2 Студенттік кеңес жұмысының міндеттері:

1. Жастардың құқықтары мен мүдделерін қорғау;
2. Студенттік ұжымды біріктіру және қарым-қатынаста нормалау үшін қажетті жағдайлар жасау;
3. Жалпыадамзаттық адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу;
4. Отандық тарихқа, туған мәдениет пен өнерге баулу;
5. Студенттерге құқықтық және психологиялық көмек көрсету;
6. Салауатты өмір салтын насихаттау
7. Мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру
8. Студенттердің жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу

**2.3** Студенттік кеңестің мүшесі ретінде ұйымдастыру және көшбасшылық қабілеттері мен жауапкершілік, дербестік, бастамашылық, коммуникабельділік сияқты қасиеттері бар студенттер бола алады.

## 3. Студенттік кеңестің қызметі

### 3.1 Студенттік кеңестің қызметі:

- колледж өмірінің мәселелерін шешу кезінде студенттер атынан сөз сөйлейді: колледж өмірінің мәселелері бойынша студенттердің пікірін зерделейді және тұжырымдайды, оқу-тәрбие процесін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлейді;

- студенттердің оқудан тыс іс-әрекетіндегі бастамаларын жүзеге асыруға жәрдемдеседі: студенттердің сабақтан тыс іс-әрекет саласындағы мүдделері мен қажеттіліктерін зерттейді, оларды іске асыруға жағдай жасайды;
- даулы мәселелерді шешуге жәрдемдеседі.

### **3.2 Студенттік кеңестік құқығы:**

- колледжде жиналыс өткізу;
- колледж әкімшілігіне жазбаша сұраныстар, ұсыныстар жолдау және оларға ресми жауаптар алу;
- колледждің нормативтік құжаттарымен танысу;
- колледж әкімшілігінен колледж өмірінің мәселелері бойынша ақпарат алу;
- колледж директоры және басқа да әкімшілік өкілдерімен кездесулер өткізу;
- студенттер арасында сауалнама және референдумдар өткізу;
- студенттік кеңестің қоғамдық қабылдау бөлмелерінің жұмысын ұйымдастыру, студенттердің ұсыныстарын жинау;
- студенттік кеңестің іс-шараларын дайындау және өткізу кезінде тәрбие жұмыстарына жауап беретін колледждің лауазымды тұлғаларының ұйымдастырушылық қолдауын пайдалану;
- әкімшіліктің келісімі бойынша колледждің ұйымдастыру техникасын және басқа да мүлкін пайдалану;
- қалалық деңгейдегі және одан жоғары іс-шараларға колледж делегацияларының құрамын қалыптастыруға қатысу.

## **4. Студенттік кеңесті құру тәртібі және құрылымы**

4.1 Студенттік кеңес бір жыл мерзімге аралас негізде құрылады.

4.2 Студенттік кеңестің құрамы 1-4 курс студенттерімен құрылады. Ұсынылған кандидатуралардың ішінен тікелей сайлау арқылы студенттік кеңестің төрағасы сайланады.

4.3 Студенттік кеңес келесі секторлардан тұрады:

- старосталар кеңесі
- студенттердің ғылыми қоғамының кеңесі – топтарда сабаққа қатысу бойынша рейдтер өткізу, үлгерімі төмен және сабақты себепсіз жіберетін адамдармен жеке профилактикалық жұмыстар жүргізу; студенттер мен жалпы топтардың үлгерімі мен белсенділігінің рейтингісін есептейді; ғылыми-практикалық және ғылыми-теориялық конференциялар ұйымдастырылады және өткізіледі, пәндік декадалар мен пәндік олимпиадаларды өткізуге көмек көрсетеді;

-бос уақыт кеңесі әрбір тұлғаның әлеуетін жүзеге асыру үшін жағдай жасайды, бос уақыт түрлерін кеңейтеді, мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге көмек көрсетеді: сценарий құрастыруда, сахнаны безендіруде; түрлі іс-шараларды өткізу бастамашылығымен шыға алады;

- денсаулық және спорт секторы СӨС насихаттау бойынша волонтерлік топтың қызметін ұйымдастырады: тақырыптық онминуттіктер өткізеді, СӨС насихаттау бойынша айлықтарды өткізуге, спорттық іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге көмек көрсетеді; кабинеттер мен бекітілген аумақтардың санитарлық жағдайы бойынша рейдтер жүргізеді;

- баспасөз орталығы студенттердің шығармашылық мүмкіндіктерін іске асыруға жағдай жасайды, газет, плакаттар, суреттер байқау-конкурстарын ұйымдастырады, оқушылардың мақалаларын газетке орналастырады, іс - шаралар, акциялар мен т.б. бейне-және фотоға түсіреді, колледждің өмірін қаланың БАҚ-та жариялайды.